

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдарының Бірыңғай есеп беру күнін өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 53 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 мамырда № 22839 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 131-1-бабының 1-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдарының Бірыңғай есеп беру күнін өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

А. Иргалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдарының Бірыңғай есеп беру күнін өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдарының Бірыңғай есеп беру күнін өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 131-1-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдарының Бірыңғай есеп беру күнін (бұдан әрі – Бірыңғай есеп беру күні) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау органдары – Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан байқауды және тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар;

2) Бірыңғай есеп беру күні – астанада, республикалық маңызы бар қалаларда және облыс орталықтарында кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылушылықтары профилактикасын жүзеге асыру нәтижелерін талқылау бойынша кездесу.

2-тарау. Бірыңғай есеп беру күнін өткізу тәртібі

3. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекет арасындағы іс-қимылды жақсарту мақсатында бизнес пен мемлекет қатынастарын реттеу мәселелерін талқылау және олар бойынша сындарлы шешімдер әзірлеу, қауіпсіз қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттің бақылау-қадағалау қызметін реформалауды іске асыру шеңберінде мемлекеттік бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша заңнаманың міндетті талаптары бұзушылықтарының жүйелі профилактикасын дамыту бойынша Бірыңғай есеп беру күні өткізіледі.

4. Мыналар:

1) кәсіпкерлік субъектілерінен – кәсіпкерлер, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың өңірлік кәсіпкерлер палаталарының өкілдері;

2) мемлекеттік органдардан – бақылау және қадағалау органдарының өкілдері, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның, сондай-ақ тиісті аумақтық бірліктің прокуратура органдарының өкілдері Бірыңғай есеп беру күнінің қатысушылары болып табылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 26.06.2026 № 88 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Бірыңғай есеп беру күні кәсіпкерлік мәселелеріне жетекшілік ететін астана, облыс немесе республикалық маңызы бар қала әкімінің орынбасарының төрағалығымен өткізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 26.06.2026 № 88 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын уәкілетті орган тиісті жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 тамызына дейінгі кезеңде кәсіпкерлік субъектілеріне жүргізілген тексерулер бойынша статистикалық деректерді Бірыңғай есеп беру күні өткенге дейін күнтізбелік 10 (он) жұмыс күні бұрын астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 26.06.2026 № 88 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Бақылау және қадағалау органдары Бірыңғай есеп беру күнін өткізгенге дейін бір ай бұрын тиісті аумақтың жергілікті атқарушы органдарына қатысу үшін кандидатураларды жібереді.

Бақылау және қадағалау органдарының аумақтық бөлімшелері болмаған кезде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын ведомстволар өкілдерінің кандидатуралары ұсынылады.

8. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары тиісті жылдың 5 қыркүйегіне дейінгі мерзімде Бірыңғай есеп беру күнін өткізу күнін, уақытын және орнын көрсете отырып, бақылау және қадағалау органдары мен кәсіпкерлік субъектілеріне ақпарат жібереді.

Бірыңғай есеп беру күнін өткізуді ұйымдастыру мәселелерін астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары дербес түрде айқындайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 26.06.2026 № 88 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Бірыңғай есеп беру күнін жергілікті атқарушы органдар кәсіпкерлік субъектілерінің аудиториясы үшін жыл сайын қыркүйектің соңғы бейсенбісінде өткізіледі, олар ол туралы Бірыңғай есеп беру күнін өткізгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өткізілетін уақыты мен орнын, қатысатын бақылау және қадағалау органдарының, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін міндетті түрде көрсете отырып, Бірыңғай есеп беру күнін өткізу туралы кәсіпкерлік субъектілерін және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына хабарлайды.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Бірыңғай есеп беру күнін өткізгенге дейін күнтізбелік 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өзінің ресми сайтында Бірыңғай есеп беру күнін өткізу туралы ақпаратты орналастырады.

11. Бірыңғай есеп беру күнін өткізудің қорытындысы бойынша астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары бақылау және қадағалау органдарының, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның, прокуратура органдары мен кәсіпкерлер палатасы өкілдерімен келісілген хаттамалық шешім қабылдайды.

Бірыңғай есеп беру күнін өткізудің қорытындысы бойынша астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары кейін тиісті жылдың 10 (оныншы) қазанына дейін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға жібере отырып, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бірыңғай есеп беру күнін өткізудің қорытындысы туралы есепті толтырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 26.06.2026 № 88 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Бірыңғай есеп беру күнін өткізудің қорытындысы туралы есеп астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдігінің интернет-ресурсында тұрақты жұмыс істейтін "Бизнес-қоғамдастық алдында бірыңғай есеп беру күні" қосымша парағында орналастырылады, онда Бірыңғай есеп беру күнін өткізудің қорытындысы туралы бүкіл ақпарат (ақпараттық-талдамалық материал, заңнаманы түсіндіру, кәсіпкерлерге жадынамалар, Бірыңғай есеп беру күнін өткізу барысында айтылған сұрақ-жауаптар) тиісті жылдың 10 (он) қазанына дейін орналастырылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 26.06.2026 № 88 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұлттық Банкі мен қаржы
нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу, бақылау мен
қадағалау жөніндегі уәкілетті
органды қоспағанда, бақылау
және қадағалау органдарының
Бірыңғай есеп беру күнін өткізу
қағидаларына
қосымша
Нысан

**Бірыңғай есеп беру күнін өткізудің қорытындысы туралы есеп _____
(жергілікті атқарушы органның атауы)**

№	Өткізгенге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын өңірде Бірыңғай есеп беру күнін өткізу туралы хабарландыру орналастырылға н бұқаралық ақпарат құралдары (, әкімдіктің ресми сайтына сілтеме)	Қатысқан бақылау және қадағалау органдары, қатысушыларды ң тегі, аты және әкесінің аты (, болған жағдайда лауазымы	Кәсіпкерлік субъектілері туралы мәліметтер (, қызмет түрлері бөлінісіндегі жалпы саны)	Кәсіпкерлік субъектілерінен келіп түскен сұрақтар мен ұсыныстар (, оның ішінде әкімдіктің интернет-ресурс ы н д а орналастырылға ндар)	Кәсіпкерлік субъектілерінен келіп түскен мәселелерді шешу және ұсыныстарды қарау барысы туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6